

**Тасболат Асылтай Ғалымұлының «6D020600 – Дінтану»
мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алу
үшін ұсынылған «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа
эпистемологиялық ізденістері» тақырыбындағы диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста қазіргі ислам ойшылдары Фазлур Рахманның (1919–1988) Құран герменевтикасы мен Мұхаммед Әбид Жәбридің (1938–2010) араб-ислам эпистемологиясын (ақыл) құрылымдық талдауы ислам ақыл-ойындағы жаңа эпистемологиялық ізденіс ретінде негізделіп, екі ойшылдың еңбектеріне сыни талдау жасалды. Тәдуин дәуірінде қалыптасқан ислам ілімдері мен ортағасыр исламдағы білім берудің мазмұнына, ғылымдарды жіктеу дәстүріне қатысты көзқарастары зерделенді. Адам құқықтары, жаза құқығы, әйел теңдігі, саяси басқару теориясына қатысты көзқарастары салыстыра зерттелді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаңашылдық немесе жаңалану (тәждид) исламның пайда болған кезінен бастап ажырамас қырының бірі болғаны белгілі. Құран уахиымен басталған әлеуметтік-экономикалық әділдік пен теңдік идеясы (Фазлур Рахманның тезисі) сол кездегі араб қоғамын біртіндеп қоғамдық өзгеріске алып келген еді. Кедейлер мен құлдарды қанауды сынау, нәсілшілдікті айыптау, әйелдердің мәртебесін көтеру түрінде Құранда көрініс тапқан қоғамдық проблемалар алғашқы мұсылмандар өмір сүрген ортаның жаңа құндылықтармен қайта пішінделуі керек болғанын байқатады. Ислам ілімдері жинақталып, мәдениеті мен философиясы өркен жайған IX-X (хижри III-IV ғғ.) ғасырлардан бері тәждид идеясы әдіснамалық негізде ислам дәстүрінің маңызды ұғымдарының біріне айналды. Ислам дәстүрінде діннің өзгермейтін орталық қағидасына бірқұдайшылдық (монотеизм) пен ритуалдық (құлшылық ережелері) бөлігі жатқызылып келсе, басқа салалар уақыт, шарттар мен кеңістікке қарай өзгеріске ұшырайтын қырын құрайды. Ислам тарихына зер салсақ, әр дәуірде тәждид қағидасын алға тартқан маңызды ғұламалар болғанын көреміз. Олардың қатарына Әбу Ханифа (699–767), Әбу Мансур әл-Матуриди (852–944), әл-Әш‘ари (873–936), Ғазали (1058–1111), әр-Рази (1149–1209), Ибн Рушд (1263–1328) секілді ғұламаларды жатқызуға болады.

Ал XVIII ғасырдан бастап Батыс отаршылдығының ықпалымен ислам әлемінде модернизм мәселесі өткірлене түсіп, жаңа интеллектуалдық ізденістерге серпін берді. Осы кезеңнің ірі өкілдері қатарына Үндістан, Мысыр мен Осман мемлекетінде Сайид Ахмад-хан (1817–1898), Жамал әд-Дин Ауғани (1839–1897), Мұхаммед Абдух (1849–1905), Мұхаммед Иқбал (1877–1938), Намық Кемал және т.б. ғалымдар шоғыры жатады. Шамамен сол уақыттарда Ресей мұсылмандары мен Түркістан аймағында (Қазақстан мен Орталық Азия) да жаңалану идеясын насихаттай отырып, жәдидшіл бағытта еңбек еткен Әбу Наср әл-Курсауи (1776–1812), Шихабуддин әл-Маржани (1818–1889), Хусаин Фаизханов (1823–1866), Исмаил Гаспыралы (1851–1914), Ризаяддин Фахраддин (1859–1936), Зияддин Камали (1873–1942), Мұса

Жаруллаһ Бегиев (1875–1949), Абай Құнанбаев (1845–1904), Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931), Мунаууар Қари (1878–1931) Абдурауф Фытрат (1886–1938) секілді т.б. ойшылдарды атауға болады.

II Дүниежүзілік соғыстан кейін исламды жаңа шарттарға сай қайта түсіну процесі жаңа сатыға көтерілді. Зерттеу тақырыбымызды құрайтын Фазлур Рахман (1919–1988) алғаш рет қолданған исламдағы неомодернизм термині тәжид (жаңалану) идеясында методологиялық және эпистемологиялық қырынан парадигмалық өзгерістің басталғанын білдіреді. Дамир Мухетдинов сынды зерттеушілер де Фазлур Рахманға сүйене отырып, XX ғасырдың екінші жартысынан XXI ғасыр басындағы модернистік ұмтылыстарды неомодернизм терминімен түсіндіру өте дәл келеді деп есептейді. Бұл бағыт классикалық ислам мұрасы мен модернистік идеяларды біріктіре отырып терең методологиялық талдау жасауымен ерекшеленеді. Неомодернизмнің көрнекті өкілдеріне Фазлур Рахман (1919–1988), Мұхаммед Аркун (1928–2010), Наср Хамид Әбу Зәйд (1943–2010), Мұхаммед Әбид Жәбири (1938–2010), Хассан Ханафи (1935 ж.) және т.б. ойшылдарды жатқызуға болады. Бұл ғалымдар исламның интеллектуал мазмұнын кеңейтіп, әрқайсысы өзіндік қайталанбас әрі терең әдістемелік ізденістер жасады. Фазлур Рахман ислам мәтіндерін тарихи контекстінде оқып, қазіргі заманға сай шешім табуды білдіретін «екі жақты қозғалыс» әдісін қалыптастырған еді. Мұхаммед Аркун исламдық ақыл-ойды тарихи және эпистемологиялық сын тұрғысынан қайта зерделеп, діни дискурстың догмалық сипатын сынға алды. Наср Хамид Әбу Зәйд ислам мәтіндеріне тілдік-герменевтикалық талдау жүргізіп, дәстүрлі түсініктердің қайта интерпретациясын ұсынды. Мұхаммад Шахрур болса Құран мәтінін рационалды тұрғыдан түсінуді ұсынып, қазіргі заманғы құқықтық және әлеуметтік мәселелерге жаңа шешімдер іздеді. Ал, диссертациялық жұмысымыздың негізгі зерттеу объектісінің бірі саналатын Жәбиридің ислам ақыл-ойын деконструкциялау әрекеті оның теологиялық, мистикалық және рационал мұрасына терең тарихи анализ жасау арқылы болашақ даму траекториясын айқындайтын эпистемологиялық ажыраудың іске асуын білдіреді. Дамир Мухитденовтың жіктеуіне сүйенсек, аталған қазіргі ислам ойшылдары неомодернизмнің бірінші толқынын құрайды. Оның пайымдауынша, негізінен академиялық салада еңбек еткен осы ғалымдардың тікелей шәкірті болған немесе идеяларынан шабыт алған кейінгі толқын ойшылдарды неомодернизмнің екінші буынына жатқызуға болады.

Осы тұрғыда ислам модернистерінің жаңа толқынын туғызған, ортағасырлық мұраның сынын жасап, заман шарттарына сай интерпретация дәстүрін қайта қарастырған ғалымдардың еңбектерін зерделеу өте өзекті. Диссертациялық жұмысымыздың өзегін құрайтын Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбиридің эпистемологиясы діни консерватизм мен обскурантизмнің орнын толтыруға септесетін әлеуетке ие. Діни және дінтанулық білім беру саласына қазіргі ислам ақыл-ойының маңызды өкілдерінің мұрасын енгізу аса өзекті болып отыр. Сол арқылы әсіредіншілдік пен консерватизмнің ықпалынан қоғамдық ойды арылтуға мүмкіндік туады. Исламды статикалық мазмұнда түсінетін, әйелдерді кемсітуді қалыпты

санайтын, жаңа білім мен технологиялық игілікке суық қарайтын кертартпа діндарлыққа балама көзқарас ретінде исламның қазіргі заманғы философиялық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеу кезек күттірмес мәселе болып отыр. Әрине, ортағасырлық мұраның барлығын дамуға кедергі болатын білім қоры ретінде қарау әсірешілдік болар еді. Ислам модернизмі немесе исламдағы тәжид идеясы да мұның жақтасы бола алмайды. Дегенмен, білім беру саласына қазіргі ислам ойшылдарының модернистік идеяларын енгізу арқылы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін жүзеге асыруға болады деп есептейміз. Академиялық салаға исламның прогрессив сипаттағы зерттеулерін енгізіп қана қоймай, бұл құбылысты сыни тұрғыда пайымдап, білім беру саласына жаңа мазмұн алып келу маңызды. Схоластика мен дәйексіз апологетикадан ада зерттеулер арқылы ғана исламның заманауи интерпретациясын жасауға болатыны түсінікті. Осы тұрғыда Фазлур Рахман мен Жәбидің мұрасын зерделеу өзекті.

Зерттеу тақырыбымыздың өзегін құрайтын эпистемология ұғымы – ежелден білім (таным) туралы сөз қозғайтын философияның бір саласы. Сондай-ақ білімнің табиғаты, оның әдістері мен негіздерін түсіндіретін күрделі жүйе. Эпистемология – таным теориясы деп те аталады. Ол танымның табиғатын, шығу тегін және ауқымын философиялық тұрғыда зерттейді. Классикалық кезеңдегі болсын, қазіргі уақыттағы болсын эпистемологияны зерттеушілер, білімнің неден тұратынын (мысалы, қандай да бір нәрсе туралы дәйектелген ақиқат сенім); оның неге негізделгенін (мысалы, сезімдік тәжірибеге немесе таза ақылға); және біліміміздің деңгейінің қандай екенін (мысалы, танушыға тәуелсіз объективті факті ме, әлде танушыға тәуелді субъективті нәрсе ме?) талқылап келеді. Олай болса діни білім мен діни тәжірибені тану, сезіну және белгілі бір әдіснама аясында түсіну процесін де эпистемология аясында қарастыруға немесе діни эпистемология ретінде айқындауға болады. Ислам теологиясы – кәлам ілімінің де айқындауы бойынша діни білімнің үш негізгі қайнар көзі бар: хабар-и садик (Құран мен Сүннет), ақл-и сәлим (сау ақыл) және хауас-и хамса (бес сезім) мүшесі.

Жалпылама исламдағы діни білімнің өзегін құрайтын уахи (Құран) діни тәжірибенің абсолют (мутлақ) мәнге ие формасы саналғанымен, оны түсіну, тәпсірлеу мен жаңа шарттарға сай интерпретациялаудың сан ғасырлық дәстүрі қалыптасты. Исламның он төрт ғасырлық дәстүрін құрайтын құқықтық, теологиялық және рухани-мистикалық (ирфани) бай мұрасын зерделей отырып, осы мұраның қалыптасуында діни мәтіндерді (Құран мен Сүннет) түсіну мен түсіндіру методтарының маңызды рөл атқарғанын көреміз.

Діни мәтіндерді түсіну, сондай-ақ бұл мәтіндерден құқықтық-моральдық құндылықтар мен теологиялық-философиялық тұжырымдар алып шығу процесі барысында исламдағы діни білімнің, яғни эпистемологияның табиғатына қатысты парадигмалық өзгерістер жүзеге асты. Сондықтан ислам модернистерінің исламдағы білімнің табиғатына қатысты жаңа көзқарастары, оны қазіргі заманның талаптарымен үйлестіру ізденістері өте маңызды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыста Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбидің методологиясын зерттеумен шектеле

отырып, екі ойшылды қазіргі ислам ақыл-ойындағы парадигмалық бетбұрыстың басты фигуралары ретінде айқындадық. Сондықтан, қос ғалымның Құран мен Сүннет түсінігі мен методологиясын, ортағасыр исламдағы ғылымдарды жіктеу мен эпистемологияға қатысты сынын талдаған ғылыми материалдар зерделенді. Фазлур Рахманның Құран герменевтикасы мен Жәбидің араб-ислам ақылының (эпистемология) сыны – қос автордың түпнұсқа еңбектері арқылы талданып, жаңа эпистемология ретінде зерделенді. Жәбидің «Араб ақылының құрылымы» (*Нақд әл-‘Ақл әл-‘Араби*) атты төрт томдығын құрайтын еңбектері мыналар:

– Жәбири, Мұхаммед Әбид. Тәкуин әл-‘Ақл әл-‘Араби. Нақд әл-‘Ақл әл-‘Араби, 1. Бейрут: Марказ Дирасат әл-Уахдаһ әл-‘Арабийя. – 2019. – 384 б.

– Жәбири, Мұхаммед Әбид. Буниат әл-‘Ақл әл-‘Араби. Нақд әл-‘Ақл әл-‘Араби, 2. // Бейрут: Марказ Дирасат әл-Уахдаһ әл-‘Арабийя – 2013. – Р. 599.

– Жәбири, Мұхаммед Әбид. әл-‘Ақл әл-Сиаси әл-‘Араби. Нақд әл-‘Ақл әл-‘Араби, 3. // Бейрут: Марказ Дирасат әл-Уахдаһ әл-‘Арабийя. – 2015. – Р. 392.

– Жәбири, Мұхаммед Әбид. әл-‘Ақл әл-Ахлақи әл-‘Араби. Нақд әл-‘Ақл әл-‘Араби, 4. // Бейрут: Марказ Дирасат әл-Уахдаһ әл-‘Арабийя. – 2016. – Р. 640

Осы және басқа да еңбектері оның эпистемологиясын айқындауда басты дереккөз ретінде зерттелді. Ал Фазлур Рахманның ислам модернизмі мен методологиялық ізденісін танытатын басты бес кітабын талдап шықтық. Олар:

– *Prophesy in Islam (Исламда пайғамбарлық)*, George Allen and Unwin Ltd., 1958.

– *Islamic Methodology in History*, Karachi, 1965.

– *Islam, (Ислам)* New York, 1967.

– *Major Themes of the Qur'an (Құранның басты тақырыптары)*, Bibliotheca Islamica, Chicago, 1979.

– *Islam and Modernity: Transformation of an Intellectual Tradition (Ислам және модернити: Интеллектуал дәстүрдің транс формациясы)*, University of Chicago, 1982.

– *Revival and Reform in Islam: A Study of Islamic Fundamentalism (Исламдағы қайта жандану мен реформа: Исламдағы фундаментализм жайында зерттеу)*, Oxford Oneworld, 2000.

Ойшылдың Құран герменевтикасы мен ортасыр исламдағы методологияның мазмұнын ашуға арналған басқа да жетпіске жуық мақаласы мен еңбектеріне талдау жасалды.

Диссертацияда Фазлур Рахман мен Жәбиді әр қырынан қарастырған көптеген зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Солардың ішінде тақырыпты тереңдетуге септескен маңызды авторлар ретінде төмендегі зерттеушілерді ерекшелеп көрсетуге болады:

– Мухетдинов Д.В. Исламское обновленческое движение конца XX – начала XXI века: идеи и перспективы // диссертация на соискание учёной степени доктора теологии. Санкт-Петербург. – 2019. – С. 374.

– Hatice K. Arpağuş. Fazlur Rahman’a Göre Allah, İnsan ve Vahiy // Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Vakfı. İstanbul. – 2021. – S. 296.

– Saeed, A. Fazlur Rahman: A Framework for Interpreting the Ethico-Legal Content of the Qur’an // Modern Muslim Intellectuals and the Qur’an, edited by S TAJI-FAROUKI, 1st ed., Oxford University Press. – 2004. – P. 105.

– Carool Kersten. Cosmopolitans and Heretics: New Muslim Intellectuals and the Study of Islam (Columbia/Hurst). Columbia University Press. – 2011. – P. 288.

– Eyadat, Z., Corrao, F., & Hashas, M. (Eds.). Islam, State and Modernity: Mohammed Abed al-Jabri and the Future of the Arab World. New York: Palgrave Macmillan. – 2018. – P. 300.

– Hashas, M. Mohammed Abed al-Jabri: the Future of the Arab World? – 2014. – Pp. 28-39.

– Ibrahim M. Abu-Rabi'. Contemporary Arab thought: studies in post-1967 Arab intellectual history // London ; Sterling, Va. : Pluto Press. – 2004. – P. 485.

– Elizabeth Suzanne Kassab. Contemporary Arab Thought: Cultural Critique in Comparative Perspective. New York: Columbia University Press. Second Edition. – 2010.

– Sing, M. «Arab Self-Criticism After 1967 Revisited: The Normative Turn in Marxist Thought and Its Heuristic Fallacies» // Arab Studies Journal. 25(2). – 2017.

Абдулла Сайидтің «Фазлур Рахман: Құранның этикалық-құқықтық мазмұнын түсіндіру тұжырымдамасы» (*Fazlur Rahman: a framework for interpreting the ethico-legal content of the Qur’an*) атты тақырыптағы монография бөлімі Фазлур Рахманның Құранды түсіндіруге арналған герменевтика теориясын жан-жақты талдаған зерттеу десек болады.

Тажи Фарукидің редакциялауымен шыққан «Модерн мұсылман интеллектуалдары және Құран» (*Modern Muslim Intellectuals and the Qur’an*) атты монографияда Фазлур Рахманмен қоса Амина Уадуд, Мұхаммед Аркун, Әбу Зайд және т.б. неомодернистердің Құран герменевтикасына талдау жасалады, аталмыш ойшылдарды классикалық ислам экзегетикасының (тәпсір) элементтері мен еуропалық герменевтиканың жетістіктерін шебер үйлестіре алған деп бағалайды. Фазлур Рахманды осы ойшылдарға әсер еткен ғалым ретінде көрсетеді.

Фазлур Рахманның интеллектуалдық мұрасының ықпалы жайында сөз болғанда Индонезия мен Түркиядағы шәкірттері жайында көп айтылады. Chicago университетінің «ислам ақыл-ойы» саласының профессоры болып қызмет еткен жылдары (1969 – 1988 жылдар аралығы) америкалық студенттермен қоса, осы екі елден келген ізденуші жастар маңына көбірек топтасқан болса керек. Оның идеяларынан шабыт алған бұл ғалымдар ойшылдың Құран герменевтикасын одан әрі дамытып маңызды еңбектер жазған. Фазлур Рахманның еңбектерін аудару мен түсіндіру бағытында 1990 жылдардан бастап Түркияда елеулі істер атқарылды. Алпарслан Ачыкгенч, Мехмет Айдын, Бекир Демиркол, Өмер Өзсой, Адил Чивтчи, Мұстафа Өзтүрк, Хатиже Арпагуш және т.б. ғалымдар Фахлур Рахман мен историцизм (*tarihselcilik*) жайында зерттеулер жасады. Мұстафа Өзтүріктің

«Тарихшылдық және Фазлур Рахман» (*Tarihselcilik ve Fazlur Rahman*) атты көлемді мақаласы мен «Құран мен тарихилық жайында» (*Kur'an ve Tarihsellik Üzerine*) кітабының бір бөлімі арнайы Фазлур Рахманға арналған. Өмер Өзсойдың «Құран және тарихилық зерттеулері» (*Kur'an ve Tarihsellik Yazıları*) еңбегі Түркия мен жалпы Ислам әлеміне историцизм методының ықпалын ауқымды түрде қарастырады. Бұл еңбекте Фазлур Рахманның модернистік көзқарастарының өзегінде жатқан әдіснамаға өте терең талдау жасалған. Адил Чивтчи «Фазлур Рахманмен бірге исламды қайта түсіну» (*Fazlur Rahman ile İslam'ı Yeniden Anlamak*) еңбегінде ойшылдың кітаптары мен көзқарастарын модернизммен есеп айырысу ретінде, сондай-ақ исламды жаңаша түсіну контекстінде қарастырады. Зерттеуші Фазлур Рахманның Құранды түсіну әдіснамасын «холистик герменевтика» деген ұғыммен түсіндіре отырып, ортағасыр исламдағы құқық, тәпсір мен хадис секілді салалардағы Құранды түсіну методының атомистик сипатта дамығанын алға тартады. Фазлур Рахманның өзі көп сынаған атомистік метод Құранның әлеуметтік мәлімдемелерін біртұтас кейіпте тануға кедергі келтірді әрі қоғамды Құран дүниетанымына сәйкес динамикалық сипатта ілгерілетуі тиіс институттардың жетілмей қалуына әкеп соқты деп тұжырымдайды.

Ричард Мартин, Марк Уодуард және Дуи С. Атмажа үшеуінің редакциясымен шыққан «Исламдағы ақыл сақшылары: ортағасыр мектептерден қазіргі символдарына дейін мутазилизм» (*Defenders of Reason in Islam: Mu'tazilism from Medieval School to Modern Symbol*) еңбегінде Фазлур Рахман, Мұхаммед Аркун мен Хассан Ханафи сынды ғалымдарды шартты түрде «неомутазилә» өкілдері ретінде анықтайды. Сондай-ақ индонезиялық шәкірті Нурчолиш Мажид (1939–2005) пен Харун Насутион (1919 – 1998) секілді неомодернистердің көзқарастарына талдау жасайды. Нурчолиш Мажидтің «Фазлур Рахманның даулы ойлары: исламдық білім беруді реформалау идеясына сыни талдау» (*Kontroversi Pemikiran Fazlur Rahman: Studi Kritis Pembaharuan Pendidikan Islam*) еңбегі діни білімнің мазмұны мен заманауи сипатына қатысты Фазлур Рахманның идеяларын арнайы зерттеуімен құнды.

Жәбирге келер болсақ, ол жайында жазылған алғашқы салмақты зерттеудің бірі Армандо Сальватореге тиесілі. Дәстүрлі мұраның қазіргі араб ақыл-ойындағы рационал аутентификациясы: Мұхаммед әл-Жәбири мен Хассан Ханафи (*The Rational Authentication of Turath in Contemporary Arab Thought: Muhammed al-Jabiri and Hasan Hanafi*) мақаласында автор Жәбири мен Хассан Ханафидің XX ғасырдың 80-жылдары араб-ислам ақыл-ойының дамуына қосқан интеллектуалдық үлесін осы екі ойшылдың дәстүрлі мұраға (турас) қатысты түсініктері аясында қарастырады. Сальваторе араб-ислам ақыл-ойындағы бұл дамуды эпистемологиялық ізденіс пен саяси идеологияға қатысты тартыстың тоғысындағы процесс ретінде сипаттайды. Араб-ақыл ойының (эпистемологиясының) рационал шеңбердегі мүмкіндіктері мен дәстүрлі мұраны қайта түсінуге қатысты талқының мазмұнын осы екі ойшылдың еңбектері арқылы талдайды. Мұны, бір шетінен, 1967 жылғы алты күндік араб-израиль соғысынан кейін көп айтылған «Араб ренессансына»

(нәһда) қол жеткізу жолындағы интеллектуалдық дамудың көрсеткіші ретінде бағалайды. Жоғарыда көрсетіп өткен Абу Рабидің «Қазіргі араб ақыл-ойы» (*Contemporary Arab Thought*) еңбегінде Жәбирге арнайы бөлім арналған. Түркиялық зерттеуші Ахмет Келештің «Мұхаммед Әбид Жәбири және араб ақыл-ойының қалыптасуында герметизмнің рөлі» (*Muhammed Âbid El-Câbirî ve Arap Aklinin Oluşumunda Hermetizm Rolü*) мақаласы Жәбирдің эпистемологиясын терең талдауымен құнды. Али Баккалдың «Мақасид әш-шар‘ийа және әлеуметтік өзгеріс» мақаласында Жәбирдің діннің негіздері мен қазіргі қоғамдық шындықтар арасында үйлесім табу үшін жаңа теориялық негіз іздеуін терең тарқатып береді. Автордың пайымдауынша, қазіргі ислам құқығы зарурийат секілді шариғаттың функционал алаңын негіздеген ортағасырлық теориялық шеңберді кеңейте отырып, «дін, жан, ақыл, ұрпақ пен мал-мүлікті қорғау» түріндегі классикалық шеңберді одан әрі дамытып, сөз бостандығы, билеушіні сайлау, азаматтардың фундаментал құқықтары секілді модерн қоғамдағы қажеттіктерді қамтуы тиіс. Бұған орта біліммен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау саласын баршаға қолжетімді ету, әлеуметтік-экономикалық теңдік пен әділдікті қамтамасыз ету де кіреді. Ибраһим Кескин, Мұстафа Иылмаз, Шахин Гүвен, Вежди Акиуз, Мехмет Улукутук секілді зертеушілердің Жәбирдің еңбектерін әр қырынан жасаған талдаулары да өте маңызды. Ресейде Жәбирдің көзқарастарын қазіргі ислам философиясының көрінісі ретінде зерттеген Е.А. Фролова. Ол «Араб философиясы: өткені мен бүгіні» (Арабская философия: прошлое и настоящее) еңбегінде Жәбири туралы алғаш рет көлемді зерттеу жариялады. Дамир Мухетдинов «Мұсылман ақыл-ойының болашағы: К. Эрнст пен М. Жәбирдің еңбектері жайындағы ойлар (О будущем мусульманской мысли: размышляя над трудами К. Эрнста и М. ал-Джабири)» мақаласында мұсылмандық Шығыс жайындағы ориенталистік көзқарастың қазіргі гуманистік биігін бағалай отырып, К. Эрнсттің еңбектеріндегі исламды түсінуге қатысты парадигмалық өзгерістерді саралайды. Сондай-ақ Жәбирдің тұлғасынан араб-мұсылмандық философиялық ойдың автохтонды жобасын іздеуші интеллектуалды көреді.

Отандық зерттеушілер арасында қазіргі ислам ақыл-ойының философиялық-интеллектуалдық мұрасын әртүрлі қырларын зерттеп жүрген Мадина Бектенова, Наталья Сейтахметова сынды ғалымдардың еңбегі методологиялық бағдар ретінде өте құнды. Е. Есдәулет, М. Смагуловтың қазіргі ислам ойшылдары Мұхаммед Әбид Жәбири мен Мұхаммед Аркун жайлы мақалалары араб-ислам эпистемологиясының модернизациясы туралы жазылған санаулы зерттеудің бірі ретінде бағалы.

Зерттеу жұмысының нысаны мен пәні. Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбирдің еңбектері мен методологиялары арқылы қазіргі ислам ақыл-ойындағы эпистемологиялық парадигманың мәнін ашу.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбирдің мұрасын кешенді түрде зерттей отырып қазіргі ислам ақыл-ойындағы парадигмалық өзгерістерді, эпистемологиялық бетбұрысты айқындау. Қоғамдық өзгерістер мен жаңа шарттарға сай исламды

интерпретациялаудың методологиялық негізін осы ойшылдардың еңбектері арқылы талдау. Осы мақсатта мынадай міндеттер қойылды:

– Ислам ғылымдары қалыптасып діни білім беру жолға қойылған кезеңдегі (шамамен XII ғасыр) білім туралы түсінікті зерделеу. Ортағасыр исламдағы білім беру институттарының мазмұны, діни білім бағдарламалары, рационал (ақли) және діни (накли) пәндер айырымы, ғылымдарды жіктеу дәстүрінің мазмұнын зерделеу. Сол арқылы ортағасыр исламдағы эпистемологиялық парадигманың аймақтық және кезеңдік сипаты мен табиғатын түсіндіру.

– Қазіргі ислам ақыл-ойының қалыптасу тарихын зерделей отырып, бұл құбылыстың тарихи, әлеуметтік және философиялық мәнін ашу. Алғышарттары мен кезеңдерін талдай отырып Фазлур Рахман мен Жәбиридін тұлғасы мен көзқарастарын осы контекстте қарастыру.

– Фазлур Рахманның уахи, пайғамбарлық туралы түсініктері мен Құран герменевтикасының мәнін ашу. Контекстуал интерпретацияға сүйенетін Құран герменевтикасын жаңа эпистемологияның қалыптасуын айқындайтын фактор ретінде негіздеу.

– Фазлур Рахманның ортағасыр исламдағы білім беру институттары мен ғылымдарды жіктеу дәстүріне сынын талдау. Фазлур Рахманның ислам ғылымдарын реконструкциялау талпынысын эпистемологиялық шеңберде қарастыру.

– Жәбиридін «Араб ақыл-ойының сыны» (*Нақд әл-‘ақл әл-‘араби*) жобасының мазмұнын талдау. Ортағасыр исламдағы эпистемологияны жіктеуден тұратын ғылыми тұжырымының сынын жасау.

– Жәбиридін ислам құқығын функционалдық қызметін қайта қарауға қатысты теориялық негіздемесін талдау

– Фазлур Рахманның герменевтикасын құрайтын «екі жақты қозғалыс» теориясы мен Жәбиридін жаңа эпистемологиясының практикалық мазмұнын ашу. Әйел теңдігі, жаза құқығы мен саяси басқару тақырыптары бойынша екі ойшылдың көзқарастары мен классикалық фикһ әдебиеттерін салыстыра зерттеу.

Зерттеудің ғылыми әдістер мен тәсілдері. Зерттеудің маңызды әдіснамалық негізінің бірі діни мәтіндерді олардың тарихи-мәдени контекстінде талдап түсіндіруден тұратын тарихилық (историцизм) методын таңдап алдық. Тарихи-философиялық реконструкция әдіснамасына сүйене отырып екі ойшылдың идеяларын *тарихи даму* процесі шеңберінде қарастырдық. Салыстырмалы талдау (компаративистика) мен сыни талдау тәсілін де қолдандық. Зерттеуіміздің тағы бір әдіснамалық ерекшелігі – пәнаралық болуында, бұл бір шетінен, зерттеу объектіміздің көпқырлы болуынан туындайды. Эпистемология ғасырлар бойы философия қарастыратын проблема болса, Фазлур Рахманның герменевтика тәсілі де тіл философиясы мен тарих ғылымының тоғысындағы әдіс саналады, ал Жәбиридін араб-ислам ақылын деконструкциялау жобасы постструктурализммен үндеседі. Бұған екі ойшылдың да ислам ғалымы екенін қосар болсақ, мәселе бұдан да күрделене түспек. Екеуі де ислам шариғатының

модификация үшін әлеуметтану ғылымының маңызды екеніне тоқтала отырып, ислам ғылымдарын реконструкциялауды ұсынады. Мұның барлығы зерттеуіміздің пәнаралық сипатын байыта түсетін фактор екені даусыз.

Зерттеу жұмысының жаңалығы.

– алғаш рет отандық ғылымға Фазлур Рахманның Құран герменевтикасы мен діни-этикалық көзқарастары, ислам ғылымдарын жаңадан реконструкциялау идеясы толыққанды түрде ұсынылады: исламның абсолют таным көзі саналатын уахиды түсіндіру әдіснамасы, контекстуал герменевтика әдіснамасы аясында Құран үкімдерінің мақсатын анықтауы, үкімдік аяттарды қазіргі контекске сай қайта интерпретациялауы; Сүннетті түсіну мен қолдану аясын айқындауы; ислам ғылымдарын жүйелі түрде реконструкциялау жобасы.

– алғаш рет Жәбирдің араб-ислам ақылын (эпистемологиясын) деконструкциялау жобасы салыстырмалы, сыни талдау түрінде ұсынылады: ойшылдың байани, ирфани, бурхани парадигма түрінде ұсынған исламдық таным қалыптарына талдау жасалады; ойшылдың ислам шарифаты – фикһтың функционал қызметін кеңейту идеясы классикалық еңбектермен салыстырыла отырып, талданады.

– ислам ғылым салалары қалыптасып, діни білім беру институттары жүйеге түскен ортағасыр кезеңдегі танымдық парадигмалар мен қазіргі ислам ақыл-ойындағы герменевтикалық және эпистемологиялық парадигмалардың арасындағы айырмашылық тарихи шарттар, әдіснамалық айырмашылықтар мен әлеуметтік өзгерістер аясында талданады.

– алғаш рет ортағасыр исламдағы танымдық қалыптардың өзегін құраған әдіснама (усул) мен қазіргі ислам ойшылдарының герменевтикасын салыстыра отырып, «герменевтикалық инструментарий» эпистемологияны айқындаушы фактор ретінде дәлелденеді. Фазлур Рахман мен Жәбирдің ислам мәтіндерін түсіндіру тәсілінің олардың ислам ғылымдары мен танымдық қалыптарын реконструкциялау жобасына ықпалы тұрғысынан талдау жасалады.

– екі ойшылдың исламды «құлшылық ережелері мен мистикалық тәжірибелер жиынтығы» ғана емес, әлеуметтік-экономикалық әділдік пен теңдік идеясына негізделген діни-этикалық құндылықтар жүйесі түрінде айқындаған тұжырымдарына талдау жасалып, исламның өркениеттік һәм әмбебап интерпретациясын жасау ұмтылыстары талқыланады.

– қазіргі ислам ақыл-ойын кезеңдеу бойынша да, типологиялық сипаттама жасау жағынан да зерттеуде маңызды жаңалықтар бар. Ислам философиясын әдетте классикалық кезеңмен шектеп қоятын ғылыми дискурс сыналып, XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бері бой көрсете бастаған ислам модернизмі құбылысын алғаш рет екі кезеңге бөліп қарастыруды ұсынамыз. Кезеңдеудің әртүрлі нұсқаларына тоқталып, маңызды әрі барынша тарихи шындыққа сай келетін жіктеу түрлеріне талдау жасалады. Бұл ислам философиясы (ислам модернизмі туғызған интеллектуалдық ізденіс әрекетін көбіне қазіргі ислам ақыл-ойы деп атау қабылданған) тарихын оқыту ісінде маңызды әдіснамалық негіз бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Алғаш Құран мен хадис жинақтары түптеліп хатқа түскен тәдуин дәуірі исламның басты ғылым салалары қалыптасып, таным қалыптары (эпистемология) жүйеленген кезең ретінде айқындалады. Одан кейінгі ортағасыр білім беру институттары дамыған кезеңдегі ислам дисциплиналары ғасырлар бойы сунни исламның эпистемологиясын айқындап келді. Осы кезеңдердегі білім туралы түсініктің табиғатын діни-саяси және әлеуметтік-мәдени факторлар аясында түсіндіруге талпыныс жасалады. Зерттеуімізде ортағасыр исламдағы эпистемологиялық парадигманы тарихи, саяси және діни-философиялық шарттар аясында түсінудің теориялық негіздемесі ұсынылады.

2. Фазлур Рахманның Құран герменевтикасы қазіргі ислам ақыл-ойындағы жаңа эпистемологияны қалыптаушы интеллектуалдық әрекет ретінде ұсынылады. XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында басталған ислам модернизмі құбылысы XX ғ. екінші жартысынан бастап мүлдем жаңа әдіснамалық деңгейге көтерілді. Себебі, классикалық модернистер (Саид Ахмад Хан, Мұхаммед Иқбал, Мұхаммед Абдух және т.б.) өмір сүрген кезеңде негізінен білім беру ісін реформалау (жаңа үлгідегі мектептер ашу, газет-журналдар шығару) мен саяси (ислам бірлігі идеясы) мәселелер күн тәртібіне шыққан болса, Фазлур Рахманнан басталатын герменевтикалық бетбұрыс қазіргі исламда танымның жаңа көкжиегін айқындаған әдіснамалық негіз ретінде ұсынылады.

3. Мұхаммед Әбид Жәбиридің эпистемологиялық жіктемесі Фазлур Рахман ұсынған герменевтикалық әдіснаманың нәтижесі ретінде ұсынылады. Контекстуал интерпретация, үкімдердің (мақасид) мақсаттары, уахи түскен қоғамдағы әлеуметтік институттардың анализі секілді бірдей герменевтикалық инструментарийді қолдананатын бұл екі ойшыл жаңа білім қоры мен танымдық қалыптың құрушысы ретінде ұсынылады.

4. Ортағасыр исламдағы фәлсафаның (ислам философиясы) дисциплина нон-гратаға (тыйым салынған пән) айналуының себептеріне тоқталып, Фазлур Рахмен мен Жәбиридің философия мен рационал (бурхани) пайымға сүйенетін тәсілдеріне сыни талдау ұсынылады. Исламдағы фәлсафа мен рационал пайымның қазіргі жай-күйі екі ойшылдың ғылыми көзқарастары арқылы талданып, ұсынылады.

5. Екі ойшылдың фикһ теориясындағы «қоғамдық игілік» ережесі мен ислам шариятының функционал қызметін қайта қарау туралы тұжырымдарына сыни талдау жасалады. Адам құқықтары, жаза құқығы, әйел теңдігі, саяси басқару теориясы және т.б. практикалық маңызы бар проблемаларға қатысты көзқарастары олардың методологиясы мен эпистемологиясы аясында талданып, ұсынылады.

6. Фазлур Рахманның қазіргі ислам ғылымдарын реконструкциялау жобасы мен Мұхаммед Әбид Жәбиридің араб-ислам ақылын деконструкциялау жобасы ислам ғылымдары мен эпистемологиясын рационал іргетасқа орнықтыру әрекеті ретінде ұсынылады. Екі ойшылдың да түсінігінде Құран мен рационал білім қайшылыққа түспейді, ал ортағасыр исламдағы

білім беру мен танымдық жүйе ақли/бурхани эпистемологияны периферияда қалдыратын дәстүрді қалыптастырды. Зерттеуімізде екі ойшылдың жаңа эпистемологиялық жобасы ортодокс (сунни және шиға) исламдағы діни білім мен институттарға рационал сын ретінде тұжырымдалады.

Зерттеу жұмысының теориялық-тәжірибелік мәні.

Диссертациядағы ғылыми мазмұн мен қорытынды ойларды ислам модернизмі мен қазіргі ислам ақыл-ойына, ислам философиясына қатысты фундаментаал және қолданбалы зерттеулерде қолдануға болатындығымен айқындалады. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері қазіргі жоғары білім саласында оқу процесінде практикалық қолданысқа да пайдалы болады, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда, діни обскурантизмнің зиянды ықпалынан қоғамды ағарту ісінде маңызды ғылыми шешімдер табуға септеседі.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі (апробация).

Диссертациялық жұмыс Нұр-Мубарак Египет Ислам мәдениеті университеті «Дінтану» кафедрасында орындалды. «Дінтану» кафедрасының 15.10.2025 жылғы мәжілісінде (№3 хаттама) алдын ала талқылаудан өтіп қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың қазақстандық және шетелдік 4 басылымда жарық көрген мақаларында, бір ұжымдық монография мен бір ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды:

1. “Interdisciplinary Approach to Overcoming the Persistence of Patriarchal Islamic Interpretations: Gender Equality, the Development of Empathy and Children’s Rights, and Insights from the Reformist Eurasian Scholars of Early Twentieth Century”, *Zhussipbek, G., Tasbolat, A., & Nagayeva, Z.*, Open Theology 2024; 10: 20220243

2. “Қазіргі ислам ой-танымы: қысқаша тарихы мен басты парадигмалары”, *Адам әлемі*, 85, №. 3 (2020), 90-98 бб.

3. “Мұхаммед Иқбал және исламдағы эпистемологияны қайта құру”, Тасболат А., Қалдыбеков Н.С., Жүзей М., Адам әлемі. – 2022. – N (93). 177-185 бб.

4. “Political Islam or Conservatism: A Typology of the Deobandi Movement”, Abdilkhakim B.Sh., Karataş A.İ., Tasbolat A.G. // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 144. – №. 3. – pp. 178-189. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-178-189>

5. “Мұхаммед Әбид Жәбири: Қазіргі ислам ақыл-ойындағы саяси билік жайлы дәстүрлі нарративтің деконструкциясы” // *Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары әлемдік және қазақстандық болмыс аясында: Республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы*— Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. 322-329 бб.

6. “Ислам модернизмінің тарихи және эпистемологиялық-парадигмалық мәні” // *Қазақстандағы дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары*.

Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023. 207-240 бб.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ғылыми зерттеу логикасына сай құрылған. Зерттеу кіріспеден, төрт тарау, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 156 бетті құрайды.